



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БДМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М. ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ ТРАНСПОРТА И КОММУНИКАЦИЙ"  
"M. Tynyshev" Atyndagy Qazaq Qolik Jene Kommunikatsiyalar Akademiyasy  
Aktsionernoe obshchestvo "Kazakhskaya Akademiya Transporta i Kommunikatsii"  
"M. Tynysheva"

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫң ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
КЕШЕНИНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫң ТҮРАҚТЫЛЫҒЫМЕН  
БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫң  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«УСТОЙЧИВОСТЬ И КОНКУРЕНТО-  
СПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ, ФИНАНСОВОЙ  
И УЧЕТНОЙ ПОЛИТИКИ В ИНФРАСТРУКТУРНОМ  
КОМПЛЕКСЕ НОВОГО КАЗАХСТАНА», ПОСВЯЩЕННОЙ  
60-ЛЕТИЮ Д. Э. Н. ПРОФЕССОРА  
Т.Б. БАЯХМЕТОВА**



Алматы

2007

## **ҚҰРЫЛЫМ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІН ҮЙІМДАСТЫРУ**


Ірі компаниялар бүкіл әлем бойынша көптеген өнімдерді шығарып, өткізеді. Операциялардың күрделілігі мен санының көптігіне байланысты жоғары деңгейлі басқарушыларға осы операцияларды бақылау өте кын. Бұл жағдайда компанияны бөлек сегменттер мен құрылым бөлімшелерге бөліп және осы бөлімшелердің менеджерлеріне тәуелсіздік деңгейін беріп, дербес шешім қабылдауға рұқсат беру өте маңсатты. Мұндай басқаруши өз бөлімшесінің өндірістік және маркетингтік қызметтеріне жауапты болады. Бірақ, басқа жағынан қарағанда, осы басқарушылар өз қызметін атқарып, тұтас компанияның алдында тұрған маңсаттарға жетуге тырмыспауы мүмкін. Мақалада тұтас компания үшін тиімді маңсаттарға жету үшін менеджерлерге ықпал ететін қызметтің қаржылық көрсеткіштері қарастырылған. Басқаша айтқанда, маңсаттардың келісімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіштерін даярлау қажет.

Бұл мақалада құрылым бөлімшелерге жауапты менеджерлер қызметтің қаржылық көрсеткіштеріне аса көніл бөлінген. Бірақ мұндай көрсеткіштер құрылым бөлімшениң қызметтің арттыру үшін сынапты болатын барлық факторларды шынайы көрсете алмайды. Сондықтан бәсекелесу қабілеттілік, өнім бойынша алда болу, сапа, уақытылы жеткізу, инновациялар және сұраныстың өзгерістеріне икемдену сияқты маңызды салаларға жататын қаржылық емес көрсеткіштерге де есеп берулерде көніл бөлінуі керек. Құрылым бөлімшелердің өрекеттеннұрын көрсеткіштерін осы бөлімшениң қызметтің өлшеу және басқару үшін қажетті жалпы параметрлердің бір бөлігі ретінде қарастырыланған жән.

Компанияның ішінде бір жүйелі қызметтің барлық түрлері бір жетекшімен бақыланса, онда функционалдық үйымдасурышылық құрылым бөлімше пайда болда. Төменгі суретте осы функционалдық құрылым бөлімшесінің схемасы берілген (1 сурет).

Бул жерде берілген компания бес құрылым бөлімшеден тұрады: өндірістік, маркетингтік, қаржылыққа кимшілік, сатып алу және зерттеу мен даярлау. Функционалдық үйімда осы бес бөлімшениң еш басқарушысы өз бөлімшесінен артық жауапкершілік алмайды. Мысалы, өндірістік бөлімше өнімнің барлық түрлерін дер кезінде аз шығынмен, талап еткен сапасымен шығаруға жауапты. Маркетинг бөлімшесі еткізуден түсегін барлық түсімдерге және өнімді өткізумен байланысатын барлық шығындарға жауапты, бірақ жалпы пайданы есептемейді. Сатып алу бөлімшесін шуикізатты төмен бағамен жөнө өндірістік бөлімге қажетті сапасымен алуға жауапты.

Сүреттен қарап отырсауқ, маркетингтік қызмет тұсу орталығы ретінде, жаңа жаңадарлық инновациялар орталығы ретінде өрекеттегенеді. Барлық түсімдер мен шығындар бас орындаушы директордың ленгейінде біріктіріледі.




1 сурет. Функционалдық үйімдастыруышылық құрылым.

## ШО – шығындар орталығы, ТО- түсімдер орталығы.

Бұл жерде көріп отырсақ әр құрылым бөлімшесінің басқарушысы осы бөлімшеде шуығарылатын өніммен байланысатын операцияларға жауапты. Осы бөлімшелердің өз бетімен жұмыс істейтінін көрсету үшін әр бөлімше не инвестициялар орталығ не пайды орталығ болып табылады. Мысалы, 1 сүретте көрсетілген барлық құрылым бөлімшелер инвесутиациялық орталық болып табылады. Әр құрылым бөлімшелерде көптеген шығындар және тұсу орталықтары бар және әр бөлімшениң ішінде функционалдық құрылым пайда болады. 2 сүретте үйымдастыруышылық құрылымның орталықтары болінген схемасы көрсетілген. Бірақ, тәжірибеде компанияның бір бөлігі ғана бөлімшелерге бөлінуі мүмкін.

2 сүретте үйымдастыруышылық құрылымның орталықтары болінген схемасы көрсетілген. Мұнда үйым өзінің шығару өнімінің түрлеріне сәйкес бөлшектенеді.



2-сурет. Орталықтары болінген үйымдастыруышылық құрылым бөлім.

Мысалы, зерттеу және даярлау, сонымен қатар әкімшілік суияқты функциялар ортақталған бірліктер түрінде бөлінуі мүмкін және барлық бөлімшелерге белгілі қызметтерді көрсуетуге жауапты.

Функционалдық жоспарда функционалдық құрылым компанияны тұтасу алғанда ғана инвестициялар орталығы болып табылады, оның деңгейлері функционалды түрінде үйымдастырылған. Орталықтары болінген үйымдастыруышылық құрылымда мекеме бөлек инвестициялар және пайды орталықтарына бөлінеді, ал функционалдық құрылым бұл жерде төмен деңгейлерде қолданылады. Осы айтып өткен жағдайлар екі құрылымдардың арасындағы айырмашылық болып табылады.

Егер осуы құрылымдарға жалпылап қарайтын болсақ, онда орталықтары болінген үйымдастыруышылық құрылым шешімдердің қабылдау процесінде бөлшектейді. Мысалы, бөлімшениң басқарушылары өздері дербес өткізу бағаларын қоюы, нарықтарды таңдауы мүмкін, өнімнің түрлері және көлемі туралы шешімдер қабылдауы мүмкін, сонымен қатар жабдықтауыштарды таңдауы мүмкін. Функционалдық үйымдастыруышылық құрылымда баға құрастыру бойынша, өнімнің көлемі мен түрлері бойынша шешімдер ортақтатылып қабылданады. Сондықтан ортақталған үйымдарда функционалдық басқарушыларында, бөлімшелердің басқарушуыларына қарағанда тәуелсіздігі аз болады. Екі үйымдастыруышылық құрылымдар арасындағы айырмашылықты көрсетудің бір тәсілі, бұл бөлімшелердің басқарушылары пайдага қандай түрінде жауапты болатынын көрсету. Олар шығындарды бақылап және инвестицияланған капиталға түсімдерді қамтамасыз етіп түсімдерге жауапты болады. Функционалдық құрылымның басқарушылары пайдага жауапты болмайды. Мысалы, 1 сүреттегі өндіріс бойынша басқарушы сатып ауларға, өткізу бағасына, өндірістің көлемі мен түрлеріне жауапты болмайды.

## ӘДЕБИЕТ

1. Басқару есепкерліктің халықаралық стандарттары. М: Аскери, 1999.
2. Друри К. Управленческий и производственный учет: Учебник / Пер. С англ.-М; 2003-1007
3. Управленческий учет Учебн. Пособие / Под ред. Шеремета. —М.: ФБК-Пресс, 2000.-512 с.
4. Хоружий Л.И. Проблемы теории методологии. методика и организации управленческого учета в сельском хозяйстве -М.: Финансы и статистика, 2004